

"Химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 59-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 87-ө Өкімі «Химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу туралы» Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 59-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген өкімімен бекітілген Химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің қ ұ р а м ы н а :

Ғалымова Әлия Қайратқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары енгізілсін; мына:

«Сарыбеков - Қазақстан Республикасының
Махметғали Нұрғалиұлы Білім және ғылым вице-министрі,
төрағаның орынбасары»

деген жолда «, төрағаның орынбасары» деген сөздер алынып тасталсын.

Премьер-Министр

К. Мәсімов